



• БӘРЕКЕЛДІ!

## Мақамы бөлек Мақсат ақын

Көкшетау қаласында халық ақыны, қазақ айтыс өнерінің абыз ақсақалы атанған Көкен Шәкеевтің 100 жылдық мерейтойына орай «Көкшенің көк семсері Көкен ақын» тақырыбында Қазақстан мен Қырғызстанның айтыс ақындары арасында халықаралық ақындар айтысы өтті. Айтулы шара Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған.



Бұрғаштық ақын

Дүбірлі жыр додасы қазақ пен қырғыздың әдеби мұрасын катар дамытып, достығын нығайтуға сәулемі үлес қосқан Сүйінбай мен Қатағанның, Османқұл мен Кененің, Жамбыл мен Токтағұлдың жүрген сара жолымен суырпысалма өнерді насихаттап, одан әрі дамыту мақсатын көздеді.

Айтыста қазақтың Мақсат Аханов, Жансая Мусина, Мұхамед Қонқаев, Нұрлан Есенқұлов, Аспанбек Шұғатаев сынды жүйріктері, қырғыз елінің Амантай Кутманалиев, Азамат Болгонбаев, Кубат Туқешов, Нұрсұлтан Малдыбаев, Жамайка Токонова сияқты төкпе ақындары сөз сайыстырды. Одан бөлек, екі көршілес елдің дәстүрлі әншілері Айгүл Қосанова мен Эльзар Өскөнбаева, күйшілер Бекзада Достярова мен Закирбек Дүйшенбек уулу, жыршылар Елмұра Жанабегенова мен Самат Көчөрбаев, термешілер Арафат Ысқаков пен Құндыз Таштаналиева өнерін паш етті. Айтыстың тізгіні Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аманжол Әлтаевта болды.

Жыр аламаньның қазылар алқасына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің

халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман төрағалық етті.

Айтыс барысында еліміздің жетістіктері жырға арқау етіліп, түрлі келелі мәселе де көтерілді. Қыз бен жігіттің әзіл айтысы жұртшылықты бір серпітті. Әсіресе, алтын бесік Ақтоғайдан келген «Алтын домбыра» негері қазақтың дүлдүл ақыны Мақсат Ахановтың шабысы, сөз саптауы, мақамы елден ерек болды.

Қорытындыда жарыстың бас жүлдесі 3 000 000 теңгеден Мақсат Аханов (Қазақстан) пен Амантай Кутманалиевқа (Қырғызстан) бұйырды. Бірінші орынның 1 500 000 теңгелік сыйақысын Нұрлан Есенқұлов (Қазақстан) пен Азамат Болгонбаев (Қырғызстан) жеңіп алды. Екінші орынның 1 000 000 теңгелік жүлдесі Аспанбек Шұғатаев (Қазақстан) пен Нұрсұлтан Малдыбаевқа (Қырғызстан) табысталды. Үшінші орынның 750 000 теңгелік сертификатын Жансая Мусина (Қазақстан) мен Кубат Туқешов (Қырғызстан) иеленді.

Кеншілер өлкесінің мерейін тасықтан жерлесіміз, қазақтың белгілі айтыс ақыны Мақсат Ахановты осы жетістігімен құттықтап, толағай шығармашылық табыс тілейміз!

Өз тілішімізден

## Сандық технологияның шексіз мүмкіндігі

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Жәнінат Дүбірова өңірге іссапармен келіп, тұрғындармен кездесу өткізді. Күн тәртібінде Министрлік құзыреті аясында өнеркәсіп және құрылыс бөлігіндегі іс қағаздар айналымын сандық қалыпқа алмастыру мәселесі сараланды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жәнінат Дүбірова сапарының негізгі мақсаты – министрліктегі қызметі нақтылап, жұртшылық сауалына кеңінен жауап қату. Спикер сапарындағы міндеттерінің бірі өнеркәсіптік даму және инфрақұрылымды жаңғырту саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен стратегияларды іске асыруға байланысты жойдалып жатқан кешені халыққа кеңінен таныстыру. Қазақстанның орнықты дамуға көшуі шеңберінде өндірістік үдерістерге заманауи технологияларды енгізу әрі энергия тиімділігін арттыру түйткілдеріне ерекше назар аударылды. Баршасына мәлім, тұрмысымыздың біршама бөлігі сандық форматқа ауысып, бұрнағыдай халыққа қызмет көрсету орталығы сынды жерлерге сабылып жүру едәуір азайып, кейбір мемлекеттік қызмет атуалысын үйде ғаламтор желісі арқылы тұтына аламыз. Бұл – бүгінгі күннің сұранысы.

Министрлік бастамасымен елде құрылыс жобаларын ақпараттық модельдеу технологиясын қолдану өзекті. Әсіресе, BIM технологияларын әзірлеу бойынша бірнеше жоба әзірленуде. BIM тетіктері (BIM-Building Information Modelling) – ғимараттарды жобалаудың заманауи тәсілі. Яғни, дизайнерлер болашақ құрылымның моделін жасап, оны деректермен толтырады. Конс-



Коллаж жасаған Ш.Аманжол

тракциялар, коммуникациялар, кез келген техникалық параметрлер – BIM технологиялары жолымен жоба туралы барлық ақпаратты жинауға, құрылымдауға және алуға септеседі.

Тұрғындармен жүздесу еркін форматта, ашық алаң аясында өрбиді. – Әсілінде, мен халықпен тоқсан сайынғы кездесуге келгенмін. 21 түрлі мемлекеттік қызметті бір торапта топтастырған ақпараттық платформа қараша айында көпшілік назарына ұсынылады. Бұл жер қойнауын игеруге де қатты септеседі, – деп мәлімдеді Жәнінат Балғабайқызы.

Вице-министр өзінің кіріспе сөзінде құрылыс жобаларының өмірлік циклін басқару ісінде арнаулы фокус топ тұрақты негізде жұмыс жасайтындығын хабарлады. Республикалық мемлекеттік қала

құрылысын жоспарлау және кадастрлық платформа нобайы да даяр болып қалды. Аталған ақпараттық алаңда әрбір қаланың бас жоспары мен алдағы атқарылар жоспарлар кешені автоматты негізде іске асырылатындай етіп үйлестірілу үстінде.

– Осы сынды тың бастамаларымыз бір жыл бойы қанатқақты қалыпта өрбиді. Ал, келесі жылы кейбір өзектілігін жойған қағаз құжаттары қолданыстан шыға бастайды да, электронды нұсқаға ойысады. Сонымен, болашақта әрбір құрылыс құжатын қолда ұстап жүрудің қажеттілігі азаяды, – деді спикер.

2017 жылы іске қосылған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы ел дамуының негізгі бағыттарының біріне айналған. Бағдарламаның мұраты – цифрлық технологияларды енгізу

арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Былтырдан бері аталған бағдарламаның негізгі міндеттері цифрлық инфрақұрылымды құруға, «ақылды» қалаларды дамытуға және әртүрлі секторларда озық шешімдерді енгізуге бағытталған. Электрондық үкіметті (eGov) енгізу азаматтарға мемлекеттік қызметтердің 80%-дан астамын онлайн алуға мүмкіндік берді. Бұл бюрократиялық кедергілерді едәуір қысқартып, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырды. Экономиканы цифрландыру, байланыссыз төлемдер мен мобильді қосымшалар сияқты банктік инновациялар азаматтарға, бизнес өкілдеріне қаржылық операцияларды жеңілдетті.

► 2-бет

• «АУЫЛ БЕРЕКЕ – 2024»

## Даланың дәмі – қаланың қамы

Сенбі күні ертемен қала тұрғындары «Global City» көтерме-сауда орталығына ағылды. Өйткені, күздің алғашқы ауыл шаруашылық жәрмеңкесі өтпек. Дархан дала дәмі қалаға өзі келді. Мұнда құстың сүтінен басқасының барлығы бар. Сөредегілер нарықтағы бағадан 10-15 пайыз төменге сатылады. Мұнда келгендердің көбі күздік сатып алып кетті. Сүт тағамдарын алып қысқы азығын қамдағандар да аз емес.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сейтіп, жәрмеңкедегі сауда таңғы 06:00-ден бастап қызған. Әсіресе, бұл уақытта «еттің таңдап жүріп, тәуірін алушылар» келеді дейді сатушылар. Абай ауданы Ақбастау ауылындағы «Арқа таңы» шаруа қожалығы жемде тұрған бір жылқы мен он бес қой әкеліпті.

– Ауыл әкімдігінен жәрмеңке өтетінін естіп, қуана қатысқымыз келді. Билы алғаш рет етімізді жәрмеңке сөресіне қойдық. Бұған дейін базарға әкеп делдалдарға өткізетін едік. Онғүстіктен де келіп алып кететін. Бірақ, бұл жолы өзіміз саттық. Дәл қазір елдің күздік саятын уақыты ғой. Сол себепті, ет алған ел көп. Үш-төрт сағаттың ішінде әкелген етіміз өтіп кетті. Жылқы етін 2350 теңгеден, қой етін 2100 теңгеден саудаладық. Негізі, бұл екі тарап үшін де тиімді дер едік. Келесі жәрмеңкелерге келеміз деп отырмыз, – дейді Нұрсұлтан Сейсенов.

Бұл күзгі жәрмеңкенің «Global City» сауда орталығында өтіп жатқанына да көп бола қойған жоқ. Мұндағы орынның кендігі сатып алушылар мен жүк тасушыларға ыңғайлы болды. Бір аңғарғанымыз, кезек күткендерде кептеліс болған жоқ.

– Мен таңнан тұрып, келдім.



Мұздатқышымызда ет аяйса, көңіліміз түсіп кетеді. Күздік іздеп, жұмыстан шыға алмаймыз. Содан әлеуметтік желіден жәрмеңке өтетінін көріп қалдым. Жаңаарқаның етін алдым. Сыйр етінің келісі 2100 теңгеден саудаланды. Семіз, далада жайылған малдың етін таңдап алдым. Жарты сыйрдың еті әзірге жетеді. Келіншегім тұшпара, мантыға, бәлішке тапсырыс қабылдайды. Сол үшін де ет керек. Алдағы уақытта тағы да жәрмеңке өтеді екен. Сонда тағы келіп, соғымды да алып аламыз деп отырмыз, – дейді қала тұрғыны Жалғас Советқалұлы.

Осы аптаның сенбісінде Астанада Қарағанды облысының жәрмеңкесі өтеді. 24 қазан, 2 қарашада Қарағанды қаласында, 9 қарашада Балқаш, Теміртау, Шахтинск, Приозерск, Саранда өтеді.

– Жылда дәстүрлі түрде өтетін жәрмеңкенің алғашқысына 7 ауданнан 100-ден аса ауыл шаруашылығы тауарын әкеліп сатты. Басқа да өңіріміздегі «Natige» ЖШС секілді кәсіпорындар да өз өнімдерін сөреге шығарды. Яғни, бұл сауданың тиімдісі тауарларын нарықтық бағадан 10-15 пайызға төмен бағамен ұсынуында. Бірінші жәрмеңкеде 538 тонна ауыл шаруашылығы өнімі, оның ішінде, 52 тонна ет, 340 тонна картоп, 110 тонна көкөніс, 16 тонна сүт өнімі, 7 тонна балық пен 175 мың тауық жұмыртқасы, 10 тонна өзге де өнімдер өтті, – дейді ауыл шаруашылық басқармасының басшысы Саят Мусин.

► 3-бет

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға

жазылу науқаны басталды.

Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05. E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru





# Сандық технологияның шексіз мүмкіндігі



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарағанды облысы, бұл орайда цифрлық трансформация жолында қарышты қадамдар жасауда. Жаңа технологияларды енгізу өмір сүру сапасын жақсартуға, экономикалық өсуге және «ақылды» қалаларды құруға орасан мүмкіндіктер ашады. Алдағы жылдары цифрлық инфрақұрылымның одан әрі дамуын, қызметтердің қолжетімділігінің артуын және өндіріс елдің цифрлық көшбасшыларының бірі ретіндегі ұстанымдарының күшеюін күтуге болады.

Өнеркәсіп, құрылыс, бизнес салаларында әлі де онтайландыруды қажет ететін дүниелер жетіп артылады. Оның үстіне азаматтардың веб-кеңестіктегі қауіпсіздігі де аса өзекті. Ал, қажетті ақпарат кеңістігін сандық қалыпқа алмастыру болашақ инвестор үшін де қолайлы. Ақпарат ашық, мүмкіндігінше қолжетімді бола түспек. Еларалық қарым-қатынаста болсын, қажетсіз кідірістер кемі түседі. Әрі жүктелген міндет-темелерді уақытында қалтқысыз

орындауға мүмкіндік жасалады. Нақтыласақ, қосымша 21 мемлекеттік қызмет цифрландырылмақ. Әрекет кейбір мемлекеттік қызметтерді онлайн жүйеге көшіріп қана қоймай, қайта жаңғырту амалдары іске асырылу үстінде. Жылдап қоймада жатқан мұрағаттық деректер веб-кеңестікке көшіріледі. Әлбетте, мұның бәрі арнаулы ақпараттық алаңдар мен платформалар шеңберінде жүзеге асады.

– Мәселен, осы жылы барлық қалалар өздерінің бас жоспарларын толығымен цифрландырып үлгермеген. Кейбір ең қажетті салаларды сандық қалыпқа ауыстырамыз. Бұл үдерістер әр қызметті қапшықтықта отырып-ақ реттеуге болатын деңгейге көтереді. Қазір жаңа құрылыс нысанын салу үшін қолданылатын қағаз құжаттардың кейбірі мәнін жойып келеді. Цифрлық технология бір уақыт аралығында салынар нысанның өзін онлайн режимінде қажетті сәйкестікке тезірек тексеруге соны мүмкіндік береді. Ортақ жұмысымызға жасанды интеллект элементтерін де тиімді қолданып жатамыз. Мысалы, бізде

60-80 жылдардағы маңызды ақпарат, геодезиялық мәліметтерді өзектендіру міндеті тұр. Біз қазір мұның денін сканерлеп, цифрлық айналымға енгізіп, жасанды интеллект арқылы осы деректер қорын топтастырып саралаймыз. Тұрғын үй бағытында да әр қызметті қолжетімді ету күн тәртібінен түспейді. Осылайша, кез келген қызмет мейлінше қолжетімді бола түседі деген сенім бар, – дейді Жәңнат Балғабайқызы.

Жыны барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы деректерін жинақтауға және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саясатын дұрыс құруға мүмкіндік беретін «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының бірыңғай платформасы» жобасының тұжырымдамасы да талқыланды. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында цифрландырылған қызметтерді енгізу азаматтарға ауырпалық түсірмеуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті вице-министр.

Қатысушылар «eLicense» порталын жылжымайтын мүліктегі бірыңғай мемлекеттік кадастры,

жобалардың кешенді сараптаудың бірыңғай порталы сияқты сайттармен біріктіруге қатысты сұрақтар қойды. Бұдан бөлек, «eQuryly» жүйесінің архитектурасы мен отандық өндірушілердің бірыңғай тізілімі тақырыбы қозғалды, сондай-ақ, бас жоспарға енгізілетін түзетулерді цифрландыру және жер қойнауын пайдалану саласындағы жаңартуларды енгізу туралы айтылды. Қатысушы мердігерлердің растайтын құжаттарын тексеру үшін «eQuryly» жүйесін мемлекеттік сатып алулар порталымен біріктіруге, сондай-ақ, құрылыс саласындағы отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік органдармен байланыстыру жүйесінің жалпы архитектурасына қатысты ұсыныстар айтылды. Жәңнат Дубірова қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап беріп, айтылған жайттарды бірлесіп шешуде күш біріктіруді ұсынды.

Министрліктің құрылыс саласының ақпараттық жүйелеріне арналған мақсатты IT-архитектураны таныстырып, құрылыс жұмыстарының «бір терезе» қағидасы бойынша ұйымдастыруға арналған e-Quryly порталының мүмкіндіктеріне тоқталып өтті. Қатысушылардың белсенді пікірталасы тақырыптың өзектілігін көрсетті. Бірқатар сұрақтар қойылып, министрлікпен интеграция және өзара әрекеттестік мәселелеріне ерекше назар аударылды. Өзінің сөзінің соңында спикер өндіріс, IT, құрылыс, бизнес, өндіріс, құрылыс қауымдастығына және барлық қатысушыларға цифрландыруды дамытуға қосқан үлестері мен жемісті талқылаулары үшін алғысын жеткізді.

«Сауал-жауап» сессиясы форматында өрбіген басқосу соны азаматтарды жеке мәселесі бойынша қабылдау шарасына ұласты.

Сурет автордан

# Әлемдік нарыққа жолдама

Өндіріс өндіріс өкілі жаңа белесті бағындырды. «Maker» машина жасау зауыты «API Q1» деп аталатын халықаралық сапа сертификатты иеленді. Бұл сертификат кәсіпорынның мұнай-газ индустриясының заманауи әлемдік талаптарына сәйкес келетіндігін және өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз ететіндігін растайды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

біздің өндірісіміздің көкжиегін кеңейтеді, – деді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

«Maker» ЖШС басқарма төрағасы Жәнібек Байғабелов сертификат алу NCOC компаниясының қатысуының арқасында мүмкін болғанын атап өтті.

– Бір кездері мұндай сертификатқа қол жеткізу біз үшін

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Қарағанды зауыты үш жыл бұрын «API Q1» талаптарына сәйкес келетін сапа менеджменті жүйесін әзірлеуді бастаған еді. API – «American Petroleum Institute», қазақшалап, американдық мұнай институты дегенді білдіреді. Бұл – АҚШ-тағы мұнай және газ саласына қатысты мәселелерді зерттейтін және реттейтін ең ірі үкіметтік емес ұйым. Сертификат барлық сынақтар мен тексерулерден кейін берілді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев зауыт қызметкерлерін жетістіктерімен құттықтады.

– Бұл сертификат – диплом іспеттес. Оның ішінде, зауыттың барлық қызметкерлерінің орасан зор еңбегі тұр. Бұл құжат – халықаралық деңгейге шығу үшін зор мүмкіндік. 100-ден астам ел API сертификатының тиімділігін мойындайды. Біздің облыста бұл – сертификаты бар екінші кәсіпорын. Оны бірінші болып, Теміртаудағы «КазАрматура» компаниясы алған еді. Бұл

мүмкін емес сияқты көрінетін. Тек NCOC компаниясының арқасында біз оған қол жеткізе алдық. Қарағанды облысы – бірлескен өндіріс үшін басқа кәсіпорындарды тарта алатын үлкен өнеркәсіптік алаң. Бүкіл аймақ үшін үлкен мүмкіндіктер ашылуға. Қазақстан сатып алатын мұнай-газ жабдығының көлемі жыл сайын барлық кәсіпорындармен 1,4 трлн. теңгеге бағаланады. Бұл Қазақстанда материалдар мен қосалқы бөлшектер өндірісін оқшаулау үшін өте үлкен үлес, – деді Жәнібек Байғабелов.

KLMZ-де мұнай-газ жабдықтарының номенклатурасы кеңейді. Қарағанды зауытының басты әлеуетті тапсырыс берушілерінің бірі NCOC компаниясы болмақ.

Кәсіпорын Қашаған кен орнын игеріп, еліміздегі ең ірі мұнай компанияларының үштігіне кірді.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## ӨЗЕКТІ

# Көмір қоры жеткілікті

Ел арасында сұранысқа ие Шұбаркөлдің көмірі жеткілікті. Көмір өндіруші компания қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр. Бұл туралы компанияның баспасөз қызметі хабарлады. «Шұбаркөл көмір» АҚ разрезінде халыққа жөнелтуге қажетті көмір қоры жеткілікті.

Қазақстандағы күлділігі төмен жоғары сапалы көмірдің ірі өндірушісі ERG құрамына кіретін «Шұбаркөл көмір» АҚ қалыпты штаттық режимде жұмыс істеуде. Көмірді өздігінен алып кету орны демалысыз тәулік бойы қызмет етеді» деді «Шұбаркөл көмір» АҚ баспасөз қызметі.

Баспасөз қызметінің таратқан мәліметінше, шілдеден бастап, кеніштің көмірді өздігінен алып кету орны әдеттегідей жұмыс істеп тұр. Бүгінгі күні кезек жоқ. Тұтынушыларға қолайлы жағдай жасалған. Көмірді алып кету орнында көмірдің бір тоннасының бағасы –

ҚҚС қосқанда 8 790 теңге.

– Көмірді алып кету орнында көмір қоры жеткілікті. Біз жауапты кәсіпорын ретінде тұтынушылар алдындағы міндетімізді орындау үшін қолдан келгеніңіз барлығын жасап жатырмыз, – дейді «Шұбаркөл көмір» АҚ бас инженері

– операциялық директоры Саят Абжанов. Былтыр кәсіпорын 13,8 миллион тоннадан астам көмір өндірді. Былғы жоспар – 14,4 млн тонна.

Компания үнемі дамуға және жаңартуға ұмтылады. Инвестициялық бағдарлама аясында құрал-жабдықтар жыл сайын жаңартылып отырады. Соңғы 5 жылда 44 түрлі техника сатып алынды. Негізгі жұмыс жабдығы – экскаваторлар, оның ішінде, жапондық Hitachi фирмасының өнімділігі жоғары гидравликалық үлгілері мен ресейлік ЭКГ экскаваторлары. Тау массасы мен көмірді шығару жүк көтергіштігі 60-тан 220 тоннаға дейінгі Caterpillar және Hitachi автосамосвалдары арқылы

жүйеге асырылады. Жолдарды дайындау және тиесу жұмыстарын орындау үшін бульдозерлер, грейдерлер және жүк тиегіштер қолданылады.

«2006 жылдан бастап, кәсіпорын арнайы кокс, көмір майы мен шайыр, сондай-ақ, белсендірілген көмір және сұйық гуминді тыңайтқыштар шығарумен айналысады. Өнімдердің басым бөлігі ішкі нарықтың сұранысын қанағаттандырып, импорты алмастыруға ықпал етеді. Компания қызмет көрсетуді жақсарту және тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша жұмысын жалғастыруда», – дейді компания өкілдері.

Өз тілшімізден

## БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

# Даму стратегиясы дақпырт емес

Теміртау қаласындағы «Qatmet» АҚ басшылығы республикалық және өндіріс БАҚ өкілдерімен былғы өткен 9 айдағы қызмет нәтижесіне арналған баспасөз конференциясын өткізді.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Баспасөз конференциясына осы компанияның бас директоры Вадим Басин мен негізгі бағыттар бойынша жетекші мамандар қатысып, өз кәсіпорындарының ағымдағы жылдың үш тоқсанындағы жұмыс қорытындысы туралы әңгімелеп, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Бұған дейін кезінде «Қазақстан Магниткасы» атанған алып, металлургия зауыты үнділік инвесторлардың иелігінде болып, «Арселор Миттал» атанған еді. Бірақ, кейінгі жылдары оның өндіріс орындарында бір емес, бірнеше рет қаншама адамның өліміне соқтырған апатты оқиғалардан кейін олармен ат құйрығын үзісуге тура келген. Ал, 2023 жылдың 8 желтоқсанында оның қожайыны да өзгеріп, жаңадан «Qatmet» атауына ие болған еді. Міне, осынау алып кәсіпорынның 35 мыңдық ұжымы алдында барлық активтерді жандандыру жауапкер-

шілігін мойнына алған компания «5-9-5» даму стратегиясын да әзірлеген болатын. Сол бойынша сөйлеген Вадим Басин бұл стратегиялық бағдарламаның тиімділігін атап өтіп, қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан жаңарту мен жақсарту жұмыстарына тоқталды. Ол өз сөзінде:

– 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, былғы 9 айда болат өндірісі 14 пайызға артып, 2,6 миллион тоннаны (2023 жылы 2,3 миллион тонна), көмір өндіру 2 пайызға өсіп, 4,7 миллион тоннаны (2023 жылы 4,6 миллион тонна), концентрат өндірісі 17 пайызға артып, 2,3 миллион тоннаны (2023 жылы 1,9 миллион тонна) құрады, – деді.

Сол сияқты «Qatmet» 2024 жылдың мамырында соңғы 5 жылдағы ең үздік көрсеткішті көрсетіп, бір айда 330 мың тонна болат шығарылғаны да айтылып, бас директор 2028 жылға дейін 5 миллион тонна болат, 9 миллион тонна көмір өндіру мен бес миллион тонна концентрат шығару да жоспарларында бар



екенін мәлімдеді.

Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі де конференцияда әңгіме өзегіне айналып, Вадим Басин ол туралы: – Баршаға белгілі, жылдар бойы компанияның көмір департаменті 8 шахтаның тек екеуінде позициялау жүйесімен

жұмыс істеді. Бұл өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуді айтарлықтай қиындатты. Біз соны жою үшін 2025 жылдың соңына дейін қазақстандық эзирлеушілермен бірге технологияны барлық нысандарға енгіземіз. Бұл шынайы уақытта барлық датчиктерді ғана

емес, жер астында әр жұмысшының жағдайын бақылауға мүмкіндік береді, – деді тағы да.

Қазірде ең бір өзекті болып отырған осы өндірістік қауіпсіздік мәселесінде компания барлық активтер бойынша көлемді тәуелсіз аудит жүргізіп, оның нәтижелері

негізінде өндірістік процестерді қауіпсіздік деңгейін арттыруға басымдық бере отырып, ауқымды модернизациялауды жүзеге асыруда.

Атап айтқанда, 2024 жылы компания құрамындағы көмір департаментінің Орталық диспетчерлік пункті іске қосылып, ол барлық шахталардың қызметін, соның ішінде, газ датчиктерін бақылауды, жұмыс кезінде кеншілердің денсаулығын талдауды сол уақытта көрсетіп отырады. Апатты жағдайларда қызметкерлерді жедел хабарландыруды қамтамасыз етеді және тіпті, 700 метр тереңдікте кеншілермен тікелей байланысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұрғылау скважиналары арқылы алдын ала газсыздандыруды жүргізу практикаға енгізіліп, бұл жұмыс орындарындағы метан деңгейін 50 пайызға дейін төмендетуге жол ашқан. Алға жылжудың алғышарты да осы өндірістік қауіпсіздік екені рас.

Баспасөз конференциясында, құрышылар қаласындағы экологиялық жағдайды жақсарту жайы да қозғалып, журналистер соған байланысты сұрақтарына да жауап алды.

Сурет ұйымдастырушылардан



# Даланың дәмі – қаланың қамы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұқар жырау ауданы Құрылыс ауылынан келген Анар Алпысбайқызының алып келген сүт тауарларының саудасы қызу. Әсіресе, мамырда шайқаған сап-сары майына сұраныс көп.

– Жаз бойғы еңбегіміз ғой. 20 келі май әкелгенмін. Бәрі өтіп кетті. 5500 теңгеден саттым. 100 келі сүзбе, 50 литр қымыз алып келдім ауылдан. Бәрін өз қолымызбен дайындадық. Қолдың қаймағы да тез өтіп кетті. Оның келісін 3000 теңгеден өткіздік. Жазда жайған құртымызды да көптеп сатып алды. Түске қарай сөреміз бос қалды. Елдің бәрі қысқы азығын жинап алып жатыр ғой. Оның үстіне алғашқы жәрмеңке болған соң да шығар сауда кәдімгідей қызу. Бұл қала тұрғындары үшін ғана емес, өзіміз үшін де мүмкіндік. Ақ адал еңбегімізбен жинаған сөреміздегі сүт тауарымызды қолайлы бағаға саудаладық. Қала тұрғындарының қалтасында қақпайды. Енді жәрмеңкеден қалмаймын деп отырмын. Бізде өнімді саудалау арқылы қажетімізді өтеп аламыз. Қысқа көмір, шөп түсіреміз деген секілді шаруаларды тапқан пайданымызбен шешеміз ғой. Айналып келгенде барлығы еңбек, – дейді Анар Алпысбайқызы.

Жәрмеңкедегі ұзын-сонар кезек жергілікті шаруашылықтар әкелген көкөністерге мен жұмыртқаға болды. Әсіресе, Абайдан келіп, картоп пен пияз саудалаған «КамАЗ» жүк көлігінің қап-қап өнімі түске дейін өтіп кетті.

– Мұнда өтетін әр жәрмеңкені қалт жібермеймін. Өйткені, ауылдың қазағы болған соң, даланың дәмін аңсап тұрамыз. Мұнда балаларымды ертіп келдім. Көкөністі үйіп-төгіп аламыз. Пияз, картоп, сәбіз, орамжапырақ секілді ас әзірлеуге қажетті көкөністі қабымен алдық. Бағасы базардағыдан тиімді. Мұнымен қоса, айран,



қымыз алдық. Барлық витамин осында. Бұл жолы ет алмадық. Келесі жәрмеңкеде аламыз. Жылқының етін. Балаларым түйенің жүнінен жасалған аяқ киім сыйлады. Сол үшін ерекше қуанышты-

мын, – дейді қала тұрғыны Негизама Иманғалиқызы.

Жәрмеңкенің жуан ортасынан облыс әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары Бауыржан Асанов табылды. Сауданың қалай өтіп жатқанын бақылап, бағаларын бір қадағалап өтті.

– Жәрмеңкенің ырысы мол. Шаруалардың тек тауары ғана емес, жаз бойғы еңбегі сөреге қойылады. Дархан даланың дәмін аңсаған қала жұрты қыстың азығын түгендеп, қамын жасайды. Бұл үрдісті үзбейміз. Ауыл шаруашылық жәрмеңкесіне сұраныс жоғары. Шаруалар тарапынан да, қала тұрғындарынан да, – дейді Бауыржан Қоңырбайұлы.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## Рымтай Отарқызы СЕЙТҚАЗИНА

2024 жылғы 11 қазанда Саран қаласының Құрметті азаматы, Ақтас кентінің жергілікті қоғамдастық төрағасы **Рымтай Отарқызы СЕЙТҚАЗИНА** 77-ге келген шағында өмірден озды.

Рымтай Отарқызының бүкіл өмірі – таңдаған ісіне жауапты қызметтің, өз мұраттары мен сенімдеріне адалдықтың жарқын үлгісі.

Р.О.Сейтқазина туған өлкесінің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосты. 36 жыл бойы денсаулық сақтау саласында еңбек етіп, Ақтас кентінің фармацевтика саласында 10 жылдан астам қызмет атқарды.

Рымтай Отарқызы қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін насихаттай отырып, «Ақ Шаңырақ» этномәдени бірлестігінің құрылуына мұрындық болды. Ол жастармен және өскелең ұрпақпен тәжірибесімен, білімімен бөлісті.

Әрқашан белсенді азаматтық позицияны ұстана отырып, әсіресе еліміздің қиын-қыстау кездерінде кент тұрғындарына қамқорлық танытты. Жеке кәсіпкер ретінде Рымтай Отарқызы аз қамтылған, жалғызбасты және көпбалалы отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетті.

Ол ұлтжандылығымен, жоғары мәдениеттілігімен, кәсібилігімен, әділеттілігімен, өмірге деген құштарлығымен және мейірімділігімен ерекшеленді.

Әр түрлі деңгейдегі мерейтойлық медальдар, грамоталар мен кент тұрғындары арасында жоғары беделі мен қадірінің айғағы.

Рымтай Отарқызы Сейтқазинаның жарқын бейнесі жерлестерінің жүрегінде мәңгі қалады.

Қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтамыз.

**Саран қаласы әкімінің аппараты**  
**Ақтас кенті әкімінің аппараты**  
**Саран қалалық мәслихаты**  
**Ақтас кентінің жергілікті қоғамдастығы**  
**Саран қаласы Ақсақалдар кеңесі**  
**Саран қаласының Ардагерлер ұйымы**  
**Саран қаласы мен Ақтас кентінің жұртшылығы**

### Хабарландыру

- «ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды мұнай құбыры басқармасы «ҚМҚБ. «ҚазТрансОйл» АҚ диспетчерлік жедел-технологиялық байланысын жаңғырту. Түзету» жұмыс жобасына оңайлатылған тәртіппен экологиялық бағалау бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.
- Әсер ету аумағы – Қарағанды обл., Қарағанды қ. және Осакаров ауданы, Мирный кенті.
- Жария талқылаулар esportal.kz сайтында 23.10.2024 ж. бастап 31.10.2024 ж. дейін жарияланады.
- Көзделіп отырған қызмет бастамашысы – «ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды мұнай құбыры басқармасы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Гапеев к-сі, 4/3, Тел.: 8(7212)-98-22-68.
- Жұмыс жобасына оңайлатылған тәртіппен экологиялық бағалауды әзірлеуші – «ҚазТрансОйл» АҚ зерттеу және әзірлеу орталығы» филиалының жобалау-сметалық бюросы, Қазақстан Республикасы, Астана қ., М.Ғабдуллин к-сі, 2, Тел.: 8 (7172) 79-16-72.
- Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен esportal.kz сайтында танысуға болады.
- Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e.polosina@kaztransoil.kz электрондық мекенжайында, т. 8 (7172) 79-16-72 және esportal.kz сайтында сұрауға болады.
- Ескертулер мен ұсыныстар электрондық пошта арқылы қабилданады: expertiza.upr\_krg@mail.ru және esportal.kz сайтында.

### Объявление

- Карагандинское нефтепроводное управление АО «КазТрансОйл» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений, по Экологической оценке, по упрощенному порядку к рабочему проекту «КарНУ. Модернизация диспетчерской оперативно-технологической связи АО «КазТрансОйл». Корректировка»
- Территория воздействия – Карагандинская область, г. Караганда и Осакаровский район, п. Мирный.
- Публичные обсуждения будут опубликованы на сайте esportal.kz с 23.10.2024 г. до 31.10.2024 г.
- Инициатор намечаемой деятельности – Карагандинское нефтепроводное управление АО «КазТрансОйл», Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Гапеева, 4/3, Тел.: 8(7212)-98-22-68.
- Разработчик Экологической оценки по упрощенному порядку – Проектно-сметное бюро филиала «Центр исследований и разработок АО «КазТрансОйл», Республика Казахстан, г. Астана, ул. М. Габдуллина, 2, Тел.: 8 (7172) 79-16-72
- С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний, можно ознакомиться на сайте esportal.kz.
- Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно получить по электронному адресу – e.polosina@kaztransoil.kz на сайте esportal.kz, т. 8(7172) 79-16-72.
- Замечания и предложения принимаются по электронной почте: e-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru, также на сайте esportal.kz.

№439

### • ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

## Тар жолдан өткен тағылым

Ж.Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Тарих.Тұлға.Тағдыр» жобасы аясында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған «Менің Сәкенім» атты дөңгелек үстел өтті.

**Ерканат КЕЧЕСБЕКҮЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараға тарихшылар, филологтар, Қарағанды медициналық университетінің «Күретамыр» тарихи-өлкетану үйірмесінің және Қазіргі заманғы көпсалалы колледждің студенттері, Сәкен Сейфуллин атындағы гимназияның, №97 гимназияның мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Дөңгелек үстелдің модераторы №97 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ерзат Ермағамбетов болды.

Іс-шара барысында профессор Сәбит Қонтаев, тарих ғылымда-

рының кандидаты, Қарағанды техникалық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Сәуле Қасымова, филология ғылымдарының кандидаты, Қарағанды техникалық университетінің қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының доценті Қарлығаш Хамзина, Қарағанды медицина университетінің «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының» ассистент-профессоры Қәмшат Абдрахманова қазақ зиялысының өнегелі өмірі мен қажырлы қызметі туралы баяндады.

Сондай-ақ, Қарағанды медицина университетінің «Күретамыр»



тарихи-өлкетану үйірмесінің студенттері Диана Әуезханова, Ералы Айтбек «Ерке сылқым» күйін орындаса, Балкүміс Серкебаева Ж.Бектұровтың «Сәкенге» өлеңін және С.Сейфуллин атындағы гимназияның оқушысы Сабина Алмасбек Сәкеннің «Інішегіме» өлеңін жатқа оқыды.

Оқырмандар назарына «Менің Сәкенім» атты кітап көрмесіне қойылған жазушы Ж.Бектұровтың Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығына арналған баспасөз беттеріне шыққан мақалалары ұсынылды.

Сурет ұйымдастырушылардан

### • БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Сыни ойлау шеберлері

Астанада 9-11 сынып оқушылары арасында өткен республикалық пікірсайыс турнирінде Қарағандыдағы Н.Нұрмақов атындағы мектеп-лицейі командасы жүлделі орынға ие болды.

**Аялым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирге еліміздің түпкір-түпкірінен өздерінің дағдылары мен таланттарын көрсеткісі келген қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі лигаларынан 180 жас пікірсайысшы қатысты. Қарағандының №1 Білім-инновация лицейі және Н.Нұрмақов атындағы мектеп-лицейі командалары облыстың намысын қорғады. Пікірталастар жас спикерлер сыни ойлаудың шеберлігін ғана емес, сонымен бірге шынықты іздеуге деген шынайы ұмтылыстарын көрсетті.

Сайыс қорытындысы ағыл-



шын лигасы бойынша I орын – «Nurmakov B» лигасы жеңіп алды. Орыс лигасында III орынды – «Nurmakov C» лигасы жеңіп алды. Республиканың «Үздік спикер» аталымын Аяжан Олжагелді иеленді.

Турнир жеңімпаздары диплом,

кубоктар және оның жетекшілері Алғыс хаттармен марапатталды. Жеңімпаздарды Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев арнайы құттықтады.

Сондай-ақ, оқушылар арасында жылдар бойы пікірсайыс қозғалысының дамуына ерекше үлес

қосқаны үшін «Балалық шақтың досы» медалімен Ляззат Маликова (БИЛ) және Айдана Тұтқыш (Н.Нұрмақов атындағы ММЛИ) марапатталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалы әріптесіміз, журналист **Бақытгүл Кенесқызы МОМЫНОВАНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«SARYARQA» телеарнасының ұжымы әріптесіміз, журналист **Бақытгүл Кенесқызы МОМЫНОВАНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз, журналист **Бақытгүл Кенесқызы МОМЫНОВАНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.





• ЖОБА

# «Бізді қандай болашақ күтіп тұр?»

Қарағандының кеншілер мәдениет сарайында «Tauelsiz» ART жобасының ұжымы «Жерге табын адам енді» деп аталатын жаңа форматтағы кеш өткізді. Жобаның негізгі мақсаты – жер шарындағы экологиялық проблемаға тоқталу. Кештің мазмұны да осы тақырып төңірегінде құрылған. Су ташылығы, ауаның ластануы, өзендер мен көлдердің, теңіздердің тартылуы, жаһандық жылыну, жер қыртыстары мен ауа қабаттарының зақымдалуы, жерасты байлықтары үшін болып жатқан қантөгістердің салдары, қоғамның беталысы секілді мәселелер көрерменге поэзиямен, әнмен, театрландырылған көрініспен жетті. Қазақ даласындағы аштықтар мен Семей полигонының қасіреті де қамтылған. Мұндай форматтағы кештер бұрын-соңды Қарағанды шаһарында болмаған.

жартылай ажыраған ұрпақтың зары айтылды.

«Tauelsiz» ART жобасының жетекшісі Руслан Жұбанш «Экология – осы күндегі ең өзекті проблема» екенін айтады. Бұл жобаның басталғанына 5 жыл болған. Содан бері еліміздің бірнеше қаласына барып үлгерген.

– 5 жыл бойы ел аумағында осындай кештер бере жүріп, биліктен, немесе,



• ЕРІК НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ерекше форматтағы кеш жасанды интеллектті мен балақайдың екеуіне әңгімесімен басталды. Бала смартфонды дағы жасанды интеллектімен адамзат баласының болашағы турасында сұхбаттасты. Бұл детальдан да бізді толғандырған келешегіміздің төбесі көрінеді.

– Сәлем, GPT! Бізді қандай болашақ күтіп тұр?

– Сәлем, балақай! Болашағымыз жарқын болуы екіталай. Технология қарқынды дамиды. Өздігінен басқарылатын ұшақтар мен дыбыс жылдамдығымен қозғалатын көліктер пайда болады. Адамдар ақылды үйлерде тұрады. Мұның барлығы тиісінше қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді. Су, өсімдік, тіпті, ауа ташы болуы мүмкін.

– Мәссаған, шынымен солай болмақ па?  
– Саған тек маған мәлім ақпараттарға сәйкес болжам жасадым. Келешек қандай болатынын естелетіп көрейік: Каспий теңізінің 27%-ы тартылады, мемлекеттер арасында ядролық соғыс оты тұтанады, адамдар арасында зорлық-зомбылық күрт артады, мәңгі өмір сүруге талпыныс жасалады, кокастың салдарынан ауа рекорды төмендерде ластанады, 4 млрд-қа жуық адам сусыз қалады.

Адамзат тарихынан, мыңжылдықтар бойы қалыптасқан болмысынан хабарлар жасанды интеллекттен мұндай әңгіме есту – әлбетте көңілге қорқыныш ұялатады. Жасанды интеллект «адам баласы өзін-өзі тығырыққа тірейді» дегенді алға тартады. Төніп келе жатқан алапат қауіпке өзіміз кінолі екенбіз. Сенбесіне амал жоқ.

Кеш мазмұны осы балақай мен жасанды интеллекттің әңгімесімен өрбиді. Баламен көпті көрген ақсақал емес, жасанды интеллект сөйлесіп отыр. Бала жападан жалғыз. Осының өзі төніп келе жатқан қасіреттен хабар беретіндей. Адам мен адам тілдесуден қалып барады... Адам табиғатында да өзгерістер орын алуда.

Келесі бөлімде қазақ даласындағы аштық сахналанды. Аштықтың салдары және қасіретті кімдер қолдан жасағаны, бәрі-бәрі көркемсөзбен, өлеңмен, әнмен баяндалады. Осы арқылы адамның қатыгездігі, жауыздығы қандай межеге дейін баратынын көрсетеді. Ғасыр, дәуір өткен сайын қанға, өлімге деген құштарлығымыз өршіп бара жатқандай. Бір ғана адамға емес, әулетке емес, бүгін бір ұлтқа геноцид жасау түкке де тұрмайды екен-ау.

Семей даласының трагедиясы да ауыр тиді. Құнанбай, Абай, Шәкәрім секілді алыптар туған қасиетті топырақ уранға малтып, мүгедек, адами генетикасынан

бай аға-көкелерден қаржы алып көрген жоқпыз. Жер шарының тағдырына алаңдайтын халықаралық ұйымдармен тікелей жұмыс істейміз. Мысалы «Internews» халықаралық ұйымынан грант алдық. «Фридрих Эберт» деп аталатын германиялық қорымен де қарым-қатынас орнаттық. Осы қорлардың қолдауымен Семейге бардық. Енді міне, Қарағандыдамыз. Ақтау мен Шымкентке де баруды жоспарлап отырмыз. Қорытынды кеш Астанада өтеді. Ұжымда отызға жуық адам бар. Тақырыпқа сәйкес келетін өлеңдерді, әндерді автордың рұқсатымен аламыз. Арнайы тапсырыспен жаздыратын кездер де болады, – деді Руслан Жұбанш.

Семей полигонының зардабын тартқан жандардың бірі, рухы биік қылқалам шебері Кәріпбек Күйіков кештің арнайы қонағы болды. Кеш соңында сахнаға шығып, шығармашылық ұжымға алғысын жаудырды. – Адамзат баласы үлкен трагедияның аз-ақ алдында тұр. Соны айтатын осындай азаматтар, дарынды ұл-қыздар. Сіздерге өнер сүйер жүрегі ояу халық құлақ асады. Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін! – деді Кәріпбек Күйіков.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

# Жүсіпбек салған жолменен...

Әлихан Бөкейхан ауданындағы Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде Жүсіпбек Елебековтің туғанына 120 жыл толуына орай «Ән-ғұмыр» концерттік бағдарламасы өтті. Шоқтығы биік Арқа әндері тыңдаушы құлағына майдай жағып, ұйымдастырушылар көрермен қауымының ыстық ықыласына бөленді.



• ЖАН АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кейінгі көп орындаушының айтуынша, кешегі Біржан, Ақан, Абайдың әндерін бері жеткізушінің бірі ол – Жүсіпбек Елебеков. Оның репертуары Арқа әндеріне де бай.

– Биыл қазақ ән өнерінің шок жұлдызы, біртуар Жүсіпбек Елебековтің туғанына – 120 жыл. Ол – ұлт мәдениетінің, оның ішінде, сонау бағзы заманнан қанымызға сіңген бекзада әннің сақталуына, қаршытап дамуына зор еңбек сіңірген тау тұлға. Жүсіпбек – кешегі Біржан, Мәдилердің алтын ізі. Бүгін де біз Жүсіпбектің салған жүз ізін басып келеміз. Ол байырғы ел аузындағы әндерді сыр-сипатын кетірмей, керісінше, түрлендіріп, тыңдарман тамсанатындай етіп, тотытай тарап жеткізген болса, Жүсіпбектің де шәкірттері сахнада өз дарындарымен танылып бағуда. Тіпті, бүгінгі кештің де мәні мен сәнін кіргізетін осы дарынды тұлғаның бай репертуарындағы әндері. Ал, ән орындаушы жастардың қабілет-қарымын байқаған боларсыздар?! Өте жоғары деңгейде. Орындаған әндерін түбегейлі зерттеп, ән тарихын білетіндіктері көрініп тұр. Тыңдарман қауымының үздіксіз қол соғуынан-ақ орындаушылық деңгейді саралауға болады деп ойлаймын, – деді Жаңа Майқұдық мәдениет үйі директоры орынбасары Амангелді Ахметжанов.

Алты қырдың астанан әуелеген Арқа әндерінің шымылдығын Медет Осатаев ашып, зал көрермендерін ерекше күйге бөледі. Ал, Тәттімбет атындағы өнер кол-

леджінің III курс студенті Нұрғазы Нұрғанибет халық әні «Қарашты» салғанда залдың әр жерінен тыңдарман қауымының кикүу естілді.

– Әр әннің өз шырқау шегі және орындаушысы бар деп ойлаймын. Біздің дәстүрлі әндер орындаушы талғайды. Кез келген әнші Біржанның, не Ақанның әнін іліп әкеліп орындай алмайды. Себебі, ән салу құр айкай емес, керек жерінде созу, керек жерінде қысқа қайырудан тұрады. Бұл – орындаушылық шеберлікпен келер бақ. Тәттімбет колледжінің студенті Рәбиға Оралованың орындап шыққан «Аққұм» әні көңілімізнен шықты. Аяжан Ақеева да Майра салған «Толқыманы» жап-жақсы әсерлі алып шықты, – деді концерт көрермені Алтыншаш Тұрмағамбетова.

Расында, орындаушылар бір ізді емес, жан-жақты дайындалған. Әр орындаушы өнді өз шама-шарқына қарай орындаса да, тыңдарманға құбылта жеткізуді көксегені көрінді.

– Жастарда әнге деген сезім бар. Олар әнді тек орындап қана қоймай өз дауыстарын өздері тыңдап, содан ләззат ала білді. Домбыраның күмбірі мен әуезді әннің үйлескен тұсы, міне, тыңдарман қауымға керекте де осы, – деді Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі Медет Осатаев.

Қазақ даласының дәстүрлі ән өнерін жеткізуші тұлғасына арнаған ән кеші өз деңгейінде өрбіді. Барлық орындаушыларға арнайы дипломдар мен сый-сияпат табысталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БАЙҚАУ

# Нұрболаттың жарқын жеңісі

Абай облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен әнші-композитор Тұрсынғазы Рахимов атындағы республикалық «Сәби болғым келеді» ән байқауы өтті. Байқауға еліміздің түпкір-түпкірінен әр аймақтың үздік деген 26 әншісі қатысып, бақ сынасты.



Аталған ән додасына Қарағанды облысының атынан қатысқан балқаштық әнші Нұрболат Ұзақбайдың асығы алшысынан түсті. Бағы мен бабы қатар шауып, орындаған әндері елдің көңілінен шығып, ыстық ықыласына бөленді. Қазылар алқасының жоғары ұяйына не болды.

Ол бірінші кезеңде Т.Рахимовтың «Бибігүл», «Ақбөкен» және

Әсет Найманбайұлының «Кіші Ардақ» әнін нақышына келтіре орындап, ақтық сынға сүрінбей жеткен 10 қатысушының қатарынан табылды.

Ақтық сынға Т.Рахимовтың «Қазағым-ай», «Алпыстың асуынай» және Біржан салдың «Жанбота» әнін әуелетіп, бірінші орында іселініп, бір миллион теңге қаржылай сыйлықты жеңіп алды.

Нұрболат Ұзақбай – Тәттімбет өнер колледжінің және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын үздік бітірген күміс көмейі әнші. Бүгінде халық әндерін заманауи түрде насихаттап жүрген «Қазақша терапия» №1 музыкалық театрландырылған жобасының белді мүшесі. Есімі Арқа жұртына етене таныс Нұрболат Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Өркеновтің шәкірті.

Сонымен қатар, Нұрболат өнерлі отбасыдан шыққан. Әкесі – Таңат Іргебаев Балқаштың мәдени-сауық орталығындағы «Сарыарқа» халықтық-фольклорлық ансамблінің жетекшісі. Ал, анасы Жаная Абдуалиева – Балалар өнер мектебі директорының орынбасары және дәстүрлі ән сынбының ұстазы.

Облыс намысын лайықты қорғаған талантты әнші Нұрболаттың болашақта әлі талай биікті бағындырына бек сенеміз!

Өз тілшімізден Сурет Нұрболаттың жеке мұрағатынан

• ТУРНИР

# Үздік таэквондошылар анықталды

Қарағандыда «KARAGANDA OPEN» деп аталатын таэквондодан жауынгер-интернационалистерді еске алуға арналған XIX ашық Республикалық турнир өтті. Жауынгерлік спорт түрінің бәсекесіне Қазақстанның түпкір-түпкірінен спортшылар келді. Ауаған соғысының ардагерлері құрметті мейман болды.

• ЕРІК НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Спорт мамандарының сөзінше, кейінгі жылдары таэквондо спортына қызығушылардың саны артып келеді. Қазақстандық спортшылар, соның ішінде қарағандылық республикалық және халықаралық ареналарда сәтті өнер көрсетіп жүргенін айтады. «Ел мықтыларының басын қосатын беделді турнирдің кеніштер шаһарында өтуі зор мәнге ие», – дейді ұйымдастырушылар.

– Еліміздің үздік таэквондошыларын Қарағанды төрінде көр-

геніміз үшін қуаныштымыз! Мұндай турнирлер әлбетте таэквондо спортының дамуына зор ықпалын тигізетіні анық. Ең бастысы – ел болашағын аманатпен алатын жас буынның саламатты өмір салтын ұстануына сеп болады. Халықаралық ареналарда жұлдыз жарқыраған чемпиондардан мыңдаған бала үлгі алады. Спорт – күш-қайраттың арттырып, жеңіске деген құштарлығын арттырады, өмірде кездесетін қиындықтарды жеңуіне көмектеседі. Спортпен мыңдалған ер азамат үйіндегі анасының, қарындасының, басқа да жақындарының қорғаны, Отанның берік тіреуі. Спортшыларды әрқашан қолдаймыз! – деді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев.

Биылғы турнирге Қырғызстан және ресейлік таэквондошылар да қатысты. Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан және 15 облыстық іріктелген спортшылары бағы мен бабын сынады. Сонымен қатар, Қазақстандық таэквондо федерациясының президенті Қуд-

рәт Шамиев пен қалалық мәслихатының төрағасы Алтынтөре Бекенов және облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Жәнібек Садықанов, облыстық таэквондо федерациясының президенті Руслан Ишанов құрметті қонақ болды. Жарыстың бас төрешісі – халықаралық дәрежедегі төреші Асылбек Байқоңыров.

Турнир қорытындысы бойынша жасөспірімдер санатында командалық үшінші орынды Алматы қаласынан келген «SC Dostar» командасы алды. Екінші орын да алматылық «Жеңіс» спорт клубына бұйырды. Бірінші орын павлодарлық «Ким-сонг-Су» командасының қанжығасында.

Жастар санатында үшінші орыннан Қызылорда облысының спортшылары көрінді. Екінші орын Атырау облысының таэквондошыларында. Бірінші орында – алматылық «SC Dostar».

Балалар санатында павлодарлық «Ким-сонг-Су» үшінші, алматылық «Жеңіс» екінші, алматылық «FLY TKD» бірінші болып жарысты аяқтады.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары – Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы – Г.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,  
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 230

№ 116 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сағбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ